**Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясының 1999 жылғы 9-10 қыркүйектегі бірінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 8 сәуір N 539

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясының 1999 жылғы 9-10 қыркүйектегі бірінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) мен мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы жөнінде нақты шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан

Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы кемінде тоқсанында бір рет хабарлап отыратын болсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 8 сәуірдегі N 539
қаулысымен бекітілген

Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясының
1999 жылғы 9-10 қыркүйектегі бірінші мәжілісі барысында
қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

| N р/с | Іс-шаралар | Орындау мерзімі | Орындауға жауаптылар |
|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | **Екі жақты келісімдерді әзірлеу және қол қою** | | |
| 1 | Тоқыма жөніндегі келісімді қол қоюға дайындау (түрік нұсқасын қарау) | 2000 жылдың I жар. тыжылдығы | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республика. сының Үкіметі арасындағы ха. лықты әлеуметтік қорғау тура. лы келісімді пысықтау және қол қою | 2000 жылдың I жар. тыжылдығы | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| | **Ынтымақтастықты жандандыру** | | |
| 3 | Қазақстан-түрік іскерлік кеңесінің 4-ші мәжілісін өткізу (Қазақстан-түрік іскерлік кеңесін реформалау мәселесін қарау) | 2000 жылдың I жар. тыжылдығы | Сауда-өнеркәсіп палата. сы (келісім бойынша), Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Инвестициялар жөніндегі агенттік |
| 4 | Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы ұзақ мерзімдік ынтымақтастық бағдарламасын түрік тарапымен әзірлеу | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Инвестициялар жөніндегі агенттік, Сыртқы істер министрлігі |
| 5 | Әлеуметтік мәселелер жөніндегі Бірлескен жұмыс тобының 2-мәжілісін өткізу | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| | **Ақпараттық қызмет** | | |
| 6 | Инвестициялық мәселелер бойынша бірлескен көрмелер мен жәрмеңкелер, сондай-ақ семинарлар ұйымдастыру мәсе. лелері жөніндегі ынтымақтас. | 2000 жыл бойы | Сауда-өнеркәсіп палата. сы (келісім бойынша), "Атакент" АҚ (келісім бойынша), "Қазинвест" РМК (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тықты дамыту | | |
| 7 | Екі елдің Тауар-өнеркәсіптік палаталары арасында ақпарат алмасу жөніндегі байланыстарды жандандыру | 2000 жыл бойы | Сауда-өнеркәсіп палата. сы (келісім бойынша) |
| 8 | Түрік Республикасының еркін экономикалық аймақтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесін зерделеу | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Экономика министрлігі, Инвестициялар жөніндегі агенттік |
| 9 | Туристік компаниялар арасын. дағы байланыстарды дамыту үшін жағдайлар туғызу | 2000 жыл бойы | Туризм және спорт жөніндегі агенттік |

---------------------------------------------------------------------------

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Қазақстан Республикасының машина жасау кәсіпорындары өнімдерінің Түрік Республика. сына экспорты мүмкіндіктерін қарау | 2000 жыл бойы | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 11 | Қара металлургия өнімдерінің экспортын ұлғайту мәселесін пысықтау | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, |
| 12 | ДСҰ-на ену кезінде Қазақстан. ға қолдау көрсету жөнінде түрік тарапымен консультация. ларды жалғастыру | 2000 жыл бойы | Экономика министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 13 | Стамбул бағалы металдар биржасымен ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін қарау | 2000 жылдың I жартыжылдығы | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 14 | Астананың инфрақұрылымын, құрылыс индустриясының кәсі. порындарын жаңғыртуға және Астана қаласының коммуналдық шаруашылығын дамытуға түрік капиталын тарту саласындағы ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру | 2000 жыл бойы | Инвестициялар жөніндегі агенттік, Астана қала. сының әкімі, Экономика министрлігі, Энергети. ка, индустрия және сауда министрлігі |
| 15 | Бірлескен өндірістер құру | 2000 жыл бойы | Энергетика, индустрия |

```
   және өнеркәсіпте технология.                  және сауда министрлігі,
   лармен алмасу жөніндегі                      Инвестициялар жөніндегі
   мәселелерді пысықтау                         агенттік
-------------------------------------------------------------------------
                         Мұнай және газ

16 "Баку-Жейхан" мұнай құбыры.    2000 жыл бойы     "Қазақойл" ҰМК (келісім
   ның жобасы жөнінде консуль.                      бойынша), "ҚазТрансОйл"
   тацияларды жалғастыру                            МТҰК (келісім бойынша)
-------------------------------------------------------------------------
                           Көлік

17 Бірлескен автомобиль көлік     2000 жыл бойы     Көлік және коммуника.
   комиссиясының жұмысын                            циялар министрлігі
   жандандыру
18 Қазақстан мен Түркия          2000 жылдың I      Көлік және коммуника.
   арасындағы Каспий теңізі-     жартыжылдығы       циялар министрлігі
   Волга-Дон арнасы-Қара теңіз
   бағыты бойынша жүк тасымалын
   ұйымдастыру мүмкіндігін
   зерделеу
19 Өзен-теңіз тұрпатындағы кеме  2000 жылдың I      Көлік және коммуника.
   жасау жобасына түрік          жартыжылдығы       циялар министрлігі
   компанияларын тарту
20 Трансазия темір жолы желісі   2000 жылдың I      Көлік және коммуника.
   жобасын іске асыру жөнінде    жартыжылдығы       циялар министрлігі
   жұмыс жүргізу
-------------------------------------------------------------------------
                        Ауыл шаруашылығы

21 2000 жыл және 2001 жылы        2000 жыл бойы     Ауыл шаруашылығы мини.
   Түркияға дәнді дақылдарды                        стрлігі, "Азық-түлік
   (бидай, арпа) беріп отыру                        келісім-шарттық корпо.
   туралы мәселені пысықтау                         рациясы" АҚ (келісім
                                         бойынша)
22 Ауыл шаруашылығы мәселелері   2000 жылдың I      Ауыл шаруашылығы мини.
   бойынша жұмыс тобының екінші  жартыжылдығы       стрлігі, Білім және
   мәжілісін өткізу                                 ғылым министрлігі
-------------------------------------------------------------------------
```

Банкілер мен қаржы

| | | |
|---|---|---|
| 23 Орталық банктер арасында ақпараттар алмасу | 2000 жыл бойы | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |
| 24 Банк ісі мамандарының Түркияда тағылымдамадан өтуі мүмкіндігін қарастыру | 2000 жыл бойы | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |

---------------------------------------------------------------------------

Ғылым және гуманитарлық сала

| | | |
|---|---|---|
| 25 Ядролық энергетика, мате. матика, физика, биология, медицина және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың ұлттық ғылыми-зерттеу бағ. дарламаларына сәйкес байла. ныстар мен ынтымақтастықты дамыту | 2000 жыл бойы | Білім және ғылым министрлігі |

---------------------------------------------------------------------------

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК